

Г. Сагидолда^{1*} , А. Фазылжанова² 

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;

²А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

*e-mail: asem963@mail.ru

ЯСАУИТАНУ ЖӘНЕ Р.СЫЗДЫҚТЫҢ «ЯСАУИ ХИКМЕТТЕРІНІҢ ТІЛІ» ЗЕРТТЕУІНІҢ МАҢЫЗЫ

Аннотация. Мақалада қазіргі Ясауитанудың ғылым саласы ретіндегі маңызы өзектеліп, академик Рабиға Сыздықтың «Ясауи хикметтерінің тілі» зерттеуінің Ясауитану саласындағы ролі талданады. Автор ясауитану, суфизм, хикметтер тілі, тариқат сынды ұғымдарды қолдана отырып, олардың мәнін ашады. Сопылық ілім дәстүрі мен тәжірибесі, сондай-ақ ясауитанушы ғалымдардың тұжырымдарын талдау, зерделеу ХХІ ғасырдағы қазақ қоғамының рухани-діни қажеттіліктері, оларды тану, зерттеу, түпнұсқамен жұмыс істеу тұрғысынан өте өзекті мәселеге жатады. Мақалада осы мәселенің ғылыми-теориялық негізін, маңызын «Ясауи хикметтерінің тілі» арқылы тұжырымдап, дәлелдеу, зерттеудің ерекшеліктерін айқындау мақсат етіледі. Нәтижесінде тарихи-тілдік мұралардың сөз қазынасын түстеп, түгендеу ісінде сол кезеңдегі халықтың ауызша және жазба сөйлеу дәстүр ерекшеліктерін, олардың Ясауи мұраларына ықпалын айқындау, сонымен қатар ортағасыр жазба ескерткіштері тілі мен қазақ тілі арасындағы айырым мен сабақтастықты нақты материалдарға сүйене отырып анықтау керектігі жөнінде тұжырым жасалып, бұл тұрғыда Р.Сыздық зерттеу еңбектері Ясауитанудың лингвистикалық бағыты бойынша аса маңызды ғылыми негіз бола алатыны сөз болады.

Тірек сөздер: ясауитану, ислам діні, суфизм, сопылық дәстүр, жалпы гуманитарлық бағыт, дүниетаным категориялары, жазу-сызу мәдениеті, ортағасыр жазба ескерткіштері, Ясауи мұралары, қолжазба мәтіні, «Хикметтер» тілі.

Г. Сагидолда^{1*}, А. Фазылжанова²

¹Евразийский Национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан;

²Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Алматы, Казахстан

*e-mail: asem963@mail.ru

ЯСАВИТОВЕДЕНИЕ И ЗНАЧЕНИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ Р.СЫЗДЫКА «ЯЗЫК ХИКМЕТОВ ЯСАВИ»

Аннотация. В статье актуализируется значение современного Ясавитоведение как науки, анализируется роль исследования академика Рабиға Сыздык «Язык Хикметов Ясави» в этом направлении. Автор раскрывает их сущность, используя такие понятия, как ясавитоведение, суфизм, язык хикметов, тариқат. Традиции, опыт суфийского учения, а также анализ, изучение выводов ученых-ясаведов относятся к весьма актуальной проблеме с точки зрения духовно-религиозных потребностей казахского общества ХХІ века, их познания, исследования, работы с оригиналом. В статье поставлена цель сформулировать и доказать научно-теоретическую основу и значение данной проблемы через «Ясауи хикметтерінің тілі», выявить особенности исследования. В результате делается вывод о том, что в ходе инвентаризации историко-языкового наследия необходимо выявить особенности устной и письменной речевой традиции населения того периода, их влияние на наследие Ясави, а также делается вывод о том, что различия и

преимущество между средневековыми письменными памятниками и казахским языком должны определяться на основе конкретных материалов, в этом смысле исследовательские труды Р. Сыздыка могут стать важнейшей научной основой лингвистического направления Ясавитоведение.

Ключевые слова: ясавитоведение, исламская религия, суфизм, суфийская традиция, общегуманитарное направление, категории мировоззрения, Писцово-черчение, памятники средневековой письменности, наследие Ясави, рукописный текст, язык «Хикметов».

G. Sagidolda^{1*}, A.Fazilzhanova²

¹L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan;

²A.Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: asem963@mail.ru

YASSAVITOLOGY AND THE SIGNIFICANCE OF THE STUDY OF R.SYZDYK "THE LANGUAGE OF THE HIKMETS OF YASSAVI "

Abstract. The article analyzes Yassawi research and research conducted by the scientist Rabiga Syzdyk in this direction, including the importance and role of the study «Yassawi Hikmetterinin tili» (The Language of the Hikmets of Yassavi) in science. The author reveals their essence using such concepts as «Yassavitology, Sufism, The Language of Hikmets, Tariqat. The tradition, experience of Sufi teaching, as well as the analysis and study of the conclusions of researchers belong to a very urgent problem in terms of the spiritual and religious needs of Kazakh Society of the XXI century, their recognition, study, work with the original. The article aims to formulate and substantiate the scientific and theoretical basis and significance of this problem using the " The Language of the Hikmets of Yassavi ", to identify the features of the study. The research work uses methods of comparison, analysis, description and control, and gives examples from the language of "Hikmets". As a result, it was concluded that it is necessary to identify the features of oral and written speech traditions of the people of that period, their influence on the heritage of Yassavi, as well as to determine the difference and continuity between the old language and the Kazakh language based on specific materials, and in this regard, R.Syzdyk's research works can serve as a very important scientific basis.

Keywords: Yassavitology, Islamic religion, Sufism, Sufi tradition, general humanitarian direction, categories of worldview, writing and drawing culture, monuments of medieval writing, Yassavi heritage, handwritten text, language.

Кіріспе

XXI ғасыр табалдырығын геосаяси-экономикалық, ақпараттық-технологиялық, қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі түбегейлі өзгерістермен, рухани-мәдени сілкіністермен аттаған түркілердің жаңа ғасырда тарихи-мәдени және тілдік ортақтастықтың, ұлттық салт-сананың, діни-ділдік өзектің «сірілене» бастаған тамырларына қайыра қан жүгіртіп, жалпытүркілік рухты жаңғыртуға деген талпынысы күннен күнге артуда. Бұл жалпы түркі қоғамында Ясауи мұраларының терең мазмұнына қайтадан үңіліп, Ясауи ілімін жаңаша зерттеуге деген қажеттілікті тудыруда.

Ясауитану – түркі жұртшылығына ғана емес, күллі ислам әлеміне танымал философиясы, ақын, ғұлама, данағөй ұстаз Қожа Ахмет Ясауидың (1167 ж.ө.) өмірі, туып өскен ортасы, ұрпаққа аманаттаған мұрасы, ұлы тұлғаның ислам діні тарихындағы және ислам мәдениетіндегі, сонымен қатар түркі жұртының рухани мәдениетіндегі орны, Ясауи мектебінің өкілдері мен олардың шығармаларындағы сопылық дәстүр сабақтастығының өміршеңдігі сияқты көптеген келелі мәселелерді X-XII ғасырлардағы Қараханид мемлекетінің құрылу, гүлдену және құлдырау кезеңімен, қараханидтер заманындағы феодалдық қатынастар және мемлекеттік құрылымның жүйесімен, исламдағы сопылық

ағымның Орта және Орталық Азияда таралуымен, сол кездегі түркітідес халықтардың қоғамдық, әлеуметтік, шаруашылық жағдайымен, рухани мәдени әлемімен, тұрмыс-тіршілігімен сабақтастықта зерделейтін дербес ғылым саласы ретінде қалыптасу процесін бастан өткеруде деуге болады. Ясауитанудың ғылыми ұстанымы түркі әлемі руханиятының ортағасырлық бастау-арналарын іздестіретін тарихилық сипатпен шектелмейді.

Қазақ ғылымында «Ясауитану» саласының дүниеге келуін академик Р.Сыздық XX ғасырдың соңғы онжылдығынан бастап Қазақстанның дербес тәуелсіз ел деп танылып, қазақ халқының саяси-рухани азаттыққа ие болуымен, нәтижесінде әлеуметтік, идеологиялық ахуал өзгеріп, ұлттық сананың, жеке адамдардың рухани дүниесінің жаңа сипат алуымен, жаңа сатыға көтерілуімен байланыстырады. Р.Сыздық: «XII ғасырда жасап өткен, түркі халықтары арасындағы белгілі діни-идеологиялық ағымның негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауидың қызметі мен шығармашылығына айрықша назар аударылып, оның «Хикметтер» деп аталатын поэтикалық мұрасы бүгінгі жұртшылыққа ұсынылып отыр, ол қазақ тіліне аударылып, көптеп жарыққа шығуда. Ислам дінінің бүгінгі қазақ халқының және еліміздегі өзге де мұсылман жұрттардың рухани өміріндегі орны мен қызметіне, өткендегі тарихы мен бүгінгі күй-жайына мейлінше назар аудару тек практикалық іс-әрекеттер (мешіттердің салынуы, жеке басылымдар мен баспасөз беттерінде ислам негіздерінің түсіндіре бастауы, діни оқу орындарының ашылуы т.б.) саласында ғана емес, білім мен ғылым өрісінде де орын алып отыр. Осылайша қазақ ғылымында «ясауитану» саласы дүниеге келді. Қазақстандағы ясауитану 1990 жылы қазан айында Түркістан қаласында «Ясауи әлемі» атты дөңгелек үстелде өткізілген халықаралық жиыннан бермен қарай жандана бастады» - дейді (Сыздықова, 2014: 16).

Ендігі жерде қазақ ғылымының «Ясауитану» саласының алдында: Қожа Ахмет Ясауи мұраларын түстеп-түгендеу және ғылыми зерттеудің нысанына қол жетімді болдыру; Ясауи ілімі бойынша қол жеткізген гуманитарлық бағыттағы барлық ғылыми нәтижелерді жинақтау; Ясауитану саласында қолға алынатын зерттеулерді «Қоғам : Адам: Мәдениет», «Дін: Адам: Діл», «Қоғам: Тіл: Дін», «Дін: Тіл: Діл» және т.б. триадалар шеңберінде XXI ғасыр антропоэзектік парадигмада зерттеу; Ясауи мұраларын зерттеудің тарихилық пен заманауилық принциптеріне негізделген кешенді амал-тәсілдерді қалыптастыру міндеттері алға қойылады. Қазіргі таңдағы ғаламдық ақпараттық-технологиялық кеңістіктің біртұтастануы жағдайындағы цифрлық кезең талабына сай Ясауитану бойынша барлық ақпараттарды (Ясауидың өзінің және оның ізбасарлары қалдырған мұралардың қолжазба факсимилелерін, текстологиясын, әр түрлі тілдердегі аудармаларын, Ясауи мұраларына қатысты үлкенді-кішілі танымдық, ғылыми т.б. сипаттағы зерттеулерді) сандық форматқа көшіріп, арнайы вебсайт ашу да қазақ ғылымының «Ясауитану» саласының алдында тұрған аса қажырлы ізденістерді талап ететін міндеттер қатарынан болмақ.

Материал және әдістер

Ясауитанудың жалпы гуманитарлық бағытындағы басты нысан – Ясауи ілімінің өміршеңдігі мәселесі дейтін болсақ, танымдық та, ғылыми да мәні жоғары бұл мәселе түркілердің этникалық қалыптасу тарихын, діни және ділдік негіздерін, поэтикалық көркем таным әлемін, ұлттық пәлсафасы мен мәдениетінің, тілінің тарихи бастау көздерін зерттеумен айналысатын тарихшы, философ, мәдениеттанушы, дінтанушы, әдебиеттанушы, тілші-лингвист ғалымдардың талай буыны өкілдерінің еңбектерінде сан алуан қырынан сөз болып келеді, әлі де сөз бола берері даусыз. Мұның сырын исламды ұстанатын түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың да ділдік болмысы мен діни-рухани санасының терең қатпарында берік орныққан суфизмнен, мұнда да Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ілімінің өзіндік ерекшеліктерінен іздестіруге болады. Осы орайда Ясауитану бағытында ғылыми талдаудың әдіс-тәсілдері зерттеудің «тіл және мәдениет»,

«мәдениет және руханият», «дін және тіл», «әлеуметтік орта және діни таным» т.б. контекстілік бағыттарына қарай кешенділікке бет бұрары сөзсіз.

Әдебиетке шолу

Суфизм мен Ясауи ағымының тарихына қатысты, ұлы шейхтің дүниетанымы, оның ата тегі, мен білім алған орындары, ұстаздары мен шәкірттері, кейінгі ізбасарлары туралы үлкен зерттеулер жүргізіп, әр алуан пікірлер айтқан ғалымдар қатарында фон Г.Э. Грюнбаум, Дж. Тринмингэм, В.Д.Греков, В.В.Бартольд, А.Л.Гаррицкий, С.Э.Бертельс, В.А.Гордлевский, С.Г.Кляшторный, Т.М.Султанов, Ф.Көпрүлү, Ерхан Айдын, К. Ераслан т.б. шетелдік ғалымдар, М.Дулатов, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Ж.Аймауытов, Қ.Жұбанов пен Ж.Жолаев, Ә.Марғұлан, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, К.Тәжікова, М.Жармұхамедов, С.Дәуітов, М.Шафиғи, Ө.Күмісбаев, А.Әбуов т.б. қазақ ғалымдарының есімдері аталады (Сыздықова, 2014: 18)

Нәтижелер және талқылау

Суфизм – VIII ғасырда пайда болып, XI-XII ғасырларда толығымен қалыптасқан исламдағы мистикалық-аскеттік діни ағым. Суфизм ықпалымен ортағасырдағы түркілер әлемінде исламның классикалық канондары әлсіреп, әулие-әмбиелер жатқан жерлерге, киелі орындарға зиярат ету, ата-баба зираттарын, қабірлерді құрметтеу белең ала бастады. Идеологиялық тұрғыдан суфизм ата-баба рухына, аруаққа тәу ететін көшпелілердің дәстүрлі наным-сеніміне жақын болды, сондықтан да түркілердің Ясауи ұстанған сопылық ілім (суфизм) жолына түсуі көнеден келе жатқан дәстүрлі түркі мәдениетінің ортағасырдағы араб-мұсылман мәдениетіне кірігіп кету, жұтылу қаупін тежеді. «Ислам тарихында дінді ұғынудың, қабылдаудың ерекше түрі ретінде пайда болған «сопылық ағым» діндегі (қалам мен фикһ) қасаңдыққа қарсы бағыт ретінде бой көрсетті. Сол секілді Қожа Ахмет Ясауи ілімі де дүниетанымның негізгі категориясы саналатын әмбебаптыққа сай дамыды. Тәңірді жазалаушы, қорқыныш иесі ретінде ғана емес, Тәңірді сүю және оның үкімдерін құрметтеу арқылы Аллаға махаббатпен қауышу-ұласу әдістерін қалыптастырды. Өйткені сопылық дүниетанымда Алла – ғашық (сүйуші), мағшук (сүйілуші) әрі ғашықтықтың өзі болғандықтан, ғашықтық болмыс жаратылысының ең негізгі мұраты. Бұл адам бойында махаббат, жауапкершілік сезімдерін, иман және т.б. асыл құндылықтарды қалыптастырады. Ясауи ілімінің танымдық тірегін құрайтын адамгершілік қағидалардың тірегі – ақлақ (мораль). Аллаға қауышудың жолы, қоғамға, адамға қызмет ету – тікелей ақлақтық кемелдену арқылы өтеді. Нәтижесінде рухани тазалыққа, өзін өзі меңгеруге қол жеткізген «Кемел адам» тұрпаты қалыптасады. Қожа Ахмет Ясауи ілімінде «жан тыныштығы», «шындыққа жету» адамгершілік қасиет пен сипатқа ұласу арқылы тариқатта жүзеге асады (Сыздықова, 2014: 18-б.).

Қожа Ахмет Ясауи өзіне дейінгі сопылық ілім тәжірибелерін жинақтай және жетілдіре отырып, сопылықты тариқат дәрежесіне – кешенді доктрина деңгейіне көтерген ұлы тұлға. «Тариқат – сопылық ілімнің белгілі бір халықтың мәдениетімен тұтастырылған, доктриналық жүйесі. Тариқат – мұсылман дінін қабылдаған халықтардың Исламның негізгі бес парызын қабыл етіп, қалған діни жол-жоралғыны сопылық жол-рухани таным негізінде қалыптастыра отырып, қоғамдық қатынастарды реттеуді толығымен әр халықтың өзінің табиғи ерекшелігіне қарай қалыптасқан салт-дәстүріне беру. Ислам дініндегі төрт мазхабтың бірі – ханафи мазхабының негізін салған ғұлама – Абу Ханифа Нұғман бин Сәбиттің «Әл-фихқ, әл-Ақбар», «Китабу-л Алим уә-л Мұтаалим» шығармаларындағы «Иман» мен «Исламның» мәні туралы ұстанымдар негізінде Ахмет Ясауи өз ілімінің іргетасын қалыптастырып қана қоймай, өзіне дейінгі жеке тұлғалардың немесе белгілі шайхтың айналасына шоғырланған топтың рухани жетілу тәжірибесі болып келген сопылық жолды жалпы түркі қоғамының ортақ иман-сенім негізіне айналдырды».

Ясауи ілімі XII ғасырда Мауераннахр, Түркістан, Ферғана, яғни қазіргі Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Тәжікстан аймақтарына кеңінен таралды. Осы

жерлерде Ясауидың сопылық ілімін таратушы Мансур Ата (Ахмет Ясауидің ұстазы Арыстан бабтың ұлы), Сайид Ата Хорезми, Сүлеймен Бақырғани (Хаким Ата), Мұхаммед Данишменди («Мират-ул Қулубты» хатқа түсірген), Садр Ата, Бадр Ата, Қажы Бекташ әулие, Сары Салтұқ, Шейх Лұқпан және т.б. көптеген мүридтерінің (шәкірттерінің) іздері қалды. Ясауи шәкірттері туралы көрнекті түрік ғалымы Мехмед Фуат Көпрулу: «Мутасаууфтардың (сопылардың) өмірбаяны жайлы еңбектерде Ирак, Хорасан және Мауераннахр сопыларынан басқа түркі шейхтары деп жүрген сопылардың барлығы дерлік Қожа Ахмет Ясауи (Ясауи) тарихатының шейхтары еді» дейді (Түркістан – руханият бесігі, 2019: 247-249).

Ясауи ілімінің Үндістандағы мұрагері – Хайдарийа тарихаты болды. Бұл туралы деректер Ибн Баттутаның (XIV ғ.) саяхатнамасында, сондай-ақ батыс шығыстанушылары Симон Дигбу, Терри Зарконье еңбектерінде кездеседі. Кіші Азия, Анадолыға Ясауи ілімі XIII ғ. алғашқы жартысында Хардарийлік тарихат арқылы ене бастайды. Ал Алтын Орда дәуірінде Өзбек ханның (1313-1341жж.) тұсында исламның ресми дін ретінде танылуы нәтижесінде сопылық Еділ бойына тарайды. Демек Ясауи ілімі XII-XIV ғасырларда Орта Азия, Таяу Шығыс, Үндістан жерлерінде, Хорезм, Хорасан, Еділ-Орал бойы, қазіргі Әзірбайжан арқылы Кіші Азия – Анадолыға, одан Балқанға дейінгі аймаққа жайылды. Ферғана, Ош өңірлерінде XVI ғасырға дейін кең танылған Ясауи жолының іздері XX ғасырдың 70-жылдарына дейін сақталып келді (Кенжетай, 2004: 8-10). Ал қазақ арасында кейінгі дәуірлерде біршама шектеліп қалған Ясауи ілімі XX ғ. 90 жылдарынан кейін қайтадан жаңғыра бастады.

Жалпы дәстүрлі түркілік сопылық рух пен Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы, оның ілімінің мәні мен маңызы «Диуани Хикмет», «Мират-ул Қулуб», «Пақырнама» сияқты мұраларынан көрінеді. Бұлардың ішінен лингвистикалық бағыттағы ғылыми зерттеулердің нысанына көбірек ілігіп, қолжазба нұсқалары (факсимилесі) мен мәтіндері, аудармалары ұсынылып, тілдік түп-негізі, қазіргі түркі тілдеріне қатысы тұрғысынан біршама зерттелгені – «Диуани Хикмет» («Даналық сөздер»).

Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың бұл еңбегі – Ясауи поэтикалық мектебінің қалыптасуына ұйытқы болған поэтикалық көркем туынды, сопылық дәстүрде жазылған жыр жинағы. Шығарманың мазмұндық арқауын мұсылман дінінің негізгі қағида-шарттары, парыз-қарыздары, адамгершілік, әділдік, адалдық, мейірім, рахым, Аллаға деген сүйіспеншілік мәселелері құрайды (Йассауи, 1993).

«Диуани Хикметтің» алғашқы түпнұсқасы сақталмаған, бірнеше көшірмелерінің ішіндегі ең көнелері – XVII ғасырға барып саятын Стамбул кітап қоймасында сақталған қолжазба мен К.Г. Залеманның XIX ғасырдың соңында Самарқаннан алып шыққан, Санкт-Петербургтегі РФ ҒА Шығыстану институты қолжазбалар қорында сақталған нұсқалар. Бұл нұсқаның жазылу кезеңін А.К. Боровков XVII ғасырдың соңы деп шамалайды және «Диуани Хикмет» тілінің түп негізі туралы «XII ғасырда араб жазуымен оғыз-қыпшқ тілі негізінде жазылған» деген пікір айтады (Боровков, 1963: 31).

«Диуани Хикметті» зерттеумен түрік ғалымы М.Ф. Көпрүл-заде, орыс ғалымдары А.Н. Самойлович, Е.Э.Бертельс, А.К. Боровков, Г.Ф. Благова, өзбек ғалымдары Э.Р. Рустамов, Н.М. Маллаев, В.И.Захидов т.б. айналысты. Жыр жинағы 1887, 1901 жылдары Қазанда, 1901 жылы Стамбулда, 1902, 1911 жылдары Ташкент қаласында жеке кітап болып басылып шыққан (Құрысжанов, 1994: 24-33). Қазақ тіліне М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М. Шафиғи аударды.

«Диуани Хикметті» лингвистикалық тұрғыдан зерттеу мәселесінде, әсіресе орта ғасырлардағы түркі әдеби тілдерінің қалыптасуы мен дамуы проблемасымен айналысқан А.Н. Самойлович, К.Г.Залеман, С.Е.Малов, А.К.Кононов, А.К.Боровков, Э.Н.Наджиб, т.б. орыстың түркітанушы ғалымдарының қосқан үлесі ерен деуге болады. Ал қазақ тіл білімінде Ясауидың тіліне, оның лексикалық сипатына, текстологиясы мен аудармасына қатысты айтылған Ә. Құрысжанов пікірлерінің де маңызы зор (Келімбетов, 1992: 190).

Қожа Ахмет Ясауидың «Диуани Хикметтерінің» қолда бар екі қолжазбасының Самарқанд (К.Г. Залеман тапқан) нұсқасын ғылыми зерттеудің арнайы нысанына айналдырып, оның тіліне лингвистикалық талдау жасаған орыс ғалымы А.К.Боровков (Боровков, 1948: 90-95) зерттеулері өткен XX ғасырдың 45-65 жылдары аралығында тиесілі екені белгілі. Дәл осы нұсқаға араға 60 жыл салып лингвистикалық зерттеу жүргізген қазақ ғалымы академик Р.Сыздық болды. Р.Сыздықтың 2014 жылы жарық көрген «Ясауи «Хикметтерінің» тілі» атты монографиялық зерттеуі қазақ ғылымындағы Ясауитану саласының қалыптасу, дамуындағы орны ерен ғылыми еңбек қана емес, сонымен қатар түркітану ғылымына, түркі жұртының жазу-сызу мәдениетінің тарихын, түркі тілдері дамуының ортағасырлық кезеңіндегі жай-күйі мен орта ғасыр жазба ескерткіштері тілінің қазіргі түркі тілдерімен сабақтастығы мәселесін зерттеуге қосылған салмақты үлес болды.

Ясауи «Хикметтерінің» тілін арнайы зерттеудің аса өзектілігін Р.Сыздық оның тіл тарихы үшін маңызымен сабақтастырып қана қоймайды, ХХІ ғасырдағы қазақ қоғамындағы рухани-діни қажеттілікпен байланыстырып, «исламға қайыра ден қойып жатқан тұста Ясауидың діни ілімін, сол ілім – суфизмді насихаттаған, халыққа таратқан құралы – «Хикметтер» атты «даналық сөздерін» жақсы білу үшін оның тілімен де, көркемдік бітімімен де жақсы танысу қажет екенімен, қалың жұртшылықты, мамандарды дұрыс таныстыру керектігімен» (Сыздықова, 2014: 3) түсіндіреді.

Р. Сыздық «Ясауи «Хикметтері» тілі» еңбегі арқылы 114 парақтан тұратын Самарқанд қолжазбасын Ясауитану бойынша ендігі кезекте жүргізілетін жаңа зерттеулерге қажет ғылыми материалдық негізді құрап берді. Мәселен, Самарқанд қолжазба факсимилесінің тұтастай беру және қолжазбаның беттеу, қағаз беттері мен ондағы жолдардың ретке келтіру (нөмірленуі) (Сыздықова, 2014: 393-610), араб графикасымен хатқа түскен қолжазбаның әр жолының қазіргі оқырман қауым мүддесіне сай қазақ қоғамы пайдаланып отырған кириллица таңбаларымен транскрипциялау (Сыздықова, 2014: 199-286), қолжазба мәтінінің поэтикалық бояуының қанықтығын көрсету мақсатында өлең жолдарына келтірілген нұсқаны қатар ұсыну, қолжазбада кездесетін араб және парсы сөздерінің қазақша аудармасын жасау, сондай-ақ бүгінгі қазақ тілінде дәл сол тұрпатта кездесе бермейтін жалпы түркілік сөздердің мағынасын түсіндіру, араб және парсы, немесе түркі сөздеріне қатысты қысқаша сөздіктерде әр сөзді иллюстративтік дәйектемемен көмкеру (Сыздықова, 2014: 65) арқылы Р. Сыздық ХVII ғасырға барып саятын Ясауи «Хикметтерінің» екі қолжазбасының біреуін (Самарқанд нұсқасын) лингвист, әдебиеттанушы, мәдениеттанушы, философ, дінтанушы т.б. гуманитар ғалымдарға қолжетімді етті, басқаша айтқанда қазіргі түркітану саласы үшін аса маңызды ортағасырлық фактологиялық материалдар ресурсының көкжиегін кеңейтті.

Академик Р.Сыздық Ясауи «Хикметтерін» лингвистикалық талдаудың нысаны еткенде: «Ясауидың ең әрідегі (ХVII ғ) деген бір қолжазбасы бойынша лексика-фразеологиялық, морфологиялық, археографиялық сипаттамасын беру, сол арқылы түркі жазба әдеби тілдерінің қалыптасуы мен дамуы теориясына үлес қосу» деп нақты мақсат көздегенін айтады (Сыздықова, 2014: 30). Көзделген мақсатқа сай Ясауи тілінің зерттелу барысына толыққанды шолу жасалып, Самарқанд (Залеман) қолжазбасы бойынша археографиялық (*жазылған уақыты, сақталған жері, сапасы, жазуы, қағаз бетіндегі әр алуан белгілер, басылымдары, әр басылымдардағы өзгерістер, Ясауи хикметтері деп хатқа түскен туындылардың авторлары*) толық мәлімет беріледі.

Зерттеуде қолжазба мәтінінің фонетикалық жүйесі мен фонологиялық заңдылықтар, қолжазба транскрипциясы мен емле мәселелері көтеріледі. «Хикмет» тілінің лексикасының жалпы сипаты айқындалып, сөздік құрамының түркілік және араб-парсылық қабаттары, фразеологиялық қоры мәселелері жан-жақты талданады. «Қазіргі қыпшақ тілдерінің бірі – қазіргі қазақ тілі арқылы «Хикмет» тілінің морфологиялық құрылысындағы жеке тұлға-тәсілдердің қыпшақтық-оғыздық сипатын тануға» бағытталған Ясауи «Хикметтері» тілінің морфологиялық сипаттамасы жасалады.

«Хикметтер» тілінің көркемдік сипатын айқындаудың теориялық негіздемесі қаланып, өлең құрылысының өзіндік ерекшеліктері зерделенеді. Зерттеу нәтижесінде «Хикметтің» тілдік негізіне қатысты қорытынды тұжырым ұсынылады: «Ясауи хикметтерінің сөздік қазынасы мен фонетика-морфологиялық бітімі бір ғана түркі тілін былай қойғанда, бір ғана қыпшақтық немесе оғыздық, я болмаса қарлұқтық тобына жатпайды, мұнда өзге де жазба ескерткіштері сияқты бұлардың барлығының да үлгілері (бірліктері, элементтер) орын алған, бірақ Ясауи тілінің сүйегі қыпшақтық, оның j- тобына (*йақын, йоқ, йаман*) жататын тіл, сонымен қатар мұнда оғыз элементтері мықты араласуы көзге түседі, көп ретте қыпшақ-оғыз қатарлары жарыса қолданылып отырады, сондықтан Ясауи тілінің негізі қыпшақ-оғыз» әдеби тілі деп айтылған тұжырымды (Ә.Нәжіптің) біздің талдауларымыз да қуаттайды» (Сыздықова, 2014: 98). Сайып келгенде, Р.Сыздық зерттеуінде қарастырылған жоғарыдағы мәселелердің қай-қайсысы болмасын қазақ ғылымының Ясауитану саласында түбегейлі зерттеуді қажет ететін мәселелер тұрғысынан өзектеліп, ғылыми талдау нәтижелері сатылана өрбитін құрылымдық біртұтас үлгіге (модель) негізделеді.

Академик Р.Сыздықтың «Ясауи «Хикметтері» тілі» зерттеуінің Ясауитану бойынша жарық көрген үлкенді-кішілі өзге де зерттеулерден басты ерекшелігі – Ясауитанудың лингвистикалық бағыты бойынша зерттелуге тиісті мәселелерді ғылыми зерттеудің біртұтас бағдарламалық деңгейіне көтеруінде деп білеміз. Себебі зерттеудің өн бойы, әр тарауы, тіптен әр тараушасы келешекте «Ясауи мұрасы бойынша қандай мәселелер толыққанды шешімін табу керек?» деген сұраққа бағыт-бағдар сілтейді. Мәселен, зерттеудің «Самарқанд (Залеман) қолжазбасы бойынша археографиялық мәлімет» тараушасында: «Қожа Ахмет Ясауи «Хикметтерінің» тілін талдап, дұрыс тану үшін, олардың қолжазбалары мен басылымдарын, литографиялық нұсқаларын жеке-жеке қарастырып, ең алдымен, олардағы шығармалардың авторларын айқындап алу керек» десе (Сыздық, 2014: 35), ал ескерткіштің сөз қазынасын түстеп-түгендеу мақсаты көзделген жағдайда автор сол кезеңдегі халықтың сөйлеу тілінің және жазба дәстүрдің ерекшеліктерін, олардың Ясауи мұрасына тигізген әсер ықпалдарын айқындауға, ескерткіш тілі мен қазақ тілі арасындағы сабақтастық пен айырым тұстарды нақты фактологиялық материалдарға сүйеніп анықтауға айрықша көңіл бөлу керектігіне айрықша назар аударады.

Академик Р.Сыздықтың «Ясауи «Хикметтерінің» тілі» еңбегінде Ясауитанудың лингвистикалық бағытында орын алуға тиісті қазіргі таңдағы ғылыми басымдықтарды былайша жіктеп көрсетеді (Сыздықова, 2014: 5):

- Ясауи «Хикметтері» тілінің жеке басылымдары бойынша да, қолжазбалары бойынша да түсіндірме сөздігін жасау;
- өлең архитектурасын (құрылымын) кеңінен талдау;
- көріктеуіш амалдары мен олардың тілдік-стильдік механизмін жеке монографиялық ғылыми жұмыстың нысаны ету;
- Ясауи поэтикалық мектебінің әрі қарайғы даму, жалғасу процесін бақылап, қазіргі түркі мәдениетіне, оның ішінде қазақ көркем сөзіне жасаған ықпалын, қалдырған іздерін нақты фактілермен көрсету;
- «Хикметтердің» қолжазбалары мен басылымдарына текстологиялық жұмыстар жүргізу, оларды салыстырып, айырмашылықтарын табу, солар арқылы мәтін, мәтін түзілімдері тақырыптарына бару;
- ескерткіш тілінің когнитивтік құрылымына (жүйесі) қатысты тақырыптарды қолға алу.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, ислам дініне жаппай бет бұрған бүгінгі қазақ қоғамында Ясауи ілімін ой сүзгісінен қайыра өткізуге деген талап-ынта арта түсуде. Мұның себебін тәуелсіз Қазақстанда жүріп жатқан саяси-әлеуметтік, рухани-діни, тарихи-мәдени сипаттағы сан

алуан процестердің ұлттық сана мен діни-ділдік тұғырдың жаңғыруына, қоғам мүшесі – жеке адамдардың рухани әлеміндегі сілкіністерге тигізіп отырған ықпалымен түсіндіруге болады. Соған сай XX ғасырдың 90 жылдарынан бастап қазақ ғылымының жеке саласы ретінде қалыптаса бастаған Ясауитану саласы бойынша жарық көрген ірілі-уақты танымдық және ғылыми сипаттағы еңбектердің маңыздылығы арта түспек. Осы орайда академик Р.Сыздықтың «Ясауи «Хикметтерінің» тілі» (Алматы, 2014) деп аталатын іргелі зерттеуі «түркі қазіргі тілдерінің ортағасырлық кезеңіне қатысты ғылыми зерттеулердің фактологиялық материалдар ресурсын толықтырған, Ясауитанудың лингвистикалық саласының басым бағыттарын айқындап берген теориялық құндылығы мен қолданбалы-практикалық маңызы ерен еңбек, әлемдік Ясауитануға қосылған сүбелі үлес» ретінде бағалана бермек.

**Мақала «AP14870245 – Ахмет Ясауидың «Диуани хикметіндегі» тілдік-мәдени кодтар» атты гранттық жоба негізінде жазылды. Қажетті материалды жинап, жүйелеуді авторлар бірлесіп атқарды.*

Әдебиеттер

- Боровков А.К. (1963) Лексика среднеазиатского тefsира XII-XIII вв. – М., 1963. – С. 31.
- Боровков А.К. (1948) Очерки по истории узбекского языка (определение языка хикматов Ахмада Ясеви) // Советское востоковедение. – М., 1948. – № 5.
- Келімбетов Н. (1991) Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы, 1991, – 190-б.
- Қожа Ахмет Яссауи (1993). Диуани-Хикмет. – Алматы, 1993.
- Құрышжанов Ә. (1994) Қожа Ахмет Ясауи шығармаларын зерттеудің кейбір мәселелері // ҚР ҰҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 1994. – № 5. – Б.24-33.
- Сыздықова Р. (2014) Ясауи «Хикметтерінің» тілі. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2014.
- Түркістан – руханият бесігі (2019). Лингво-өлкетану энциклопедиясы. Кітап.1. – Нұр-Сұлтан: Нұрнама, 2019. – 504 б.
- Кенжетай Д. (2004) Қожа Ахмет Ясауи тарихаты // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 6-том. – Алматы, 2004. – 8-10-б.

References

- Borovkov A.K. (1963) Leksika sredneaziatskogo tefsira XII-XIII vv. [Borovkov A.K. (1963) Vocabulary middle Asian tefsira XII-XIII vv. – M., 1963. – 31-p.] (in Russian).
- Borovkov A.K. (1948) Ocherki po istorii uzbekskogo jazyka (Opredelenie jazyka hikmatov Ahmada Jasevi) [Borovkov A.K. (1948) Essays on the history of the Uzbek language (definition of the Hikmat language by Ahmad Yasavi). Sovetskoe vostokovedenie. M., 1948. № 5] (in Russian).
- Kelimbetov N. (1991) Ezhelgi dauir adebieti. [Kelimbetov N. (1991) Literature of antiquity. Almaty, 1991, 190-b.] (in Kazakh)
- Kozha Ahmet Jassau (1993) Diuani-Hikmet. [Kozha Ahmet Jassau (1993) Divan-i Hikmet. Almaty, 1993.] (in Kazakh)
- Kuryshzhanov A. (1994) Kozha Ahmet Jasaui shygarmalaryn zertteudin kejbir maseleleri [Kuryshzhanov A. (1994) Some problems of studying the works of Khoja Ahmed Yasawi. KR UGA habarlary. Til, adebiet serijasy, 1994. № 5. - 24-33 bb.] (in Kazakh)
- Syzdykova R. (2014) Jasau «Hikmetterinin» tili. [Syzdykova R. (2014) The language of the Yassawi`s Hikmets. Koptomdyk shygarmalar zhinagy. – Almaty, 2014.] (in Kazakh)
- Turkistan – ruhanijat besigi (2019) Lingvo-olketanu jenciklopedijasy [Turkestan is the cradle of spirituality. (2019) Kitap.1. – Nur-Sultan: Nurnama, 2019. - 504 s.] (in Kazakh)

Kenzhetaj D (2004) Kozha Ahmet Iasauı tarihaty [Kenzhetaj D (2004) History of Khoja Ahmed Yasawi. Kazakstan. Ulıtyk jenciklopedija. 6-tom. – Almaty, 2004. – 8-10-bb.]